

А.Б.Бейсентай

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Мағжан шығармашылығындағы Абай дәстүрі**

Мақалада ұлы Абайдың көркемдік-эстетикалық ізденістерінің қазақ әдебиетінің классигі Мағжан Жұмабаев шығармашылығына ықпалы қарастырылады. Автор қазақ халқының ақындық поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген Абай шығармашылығымен арадағы байланысты анықтайды. Ақын шығармалары мысалдарында Абайдың әдеби мұрасының жаңа көркемдік ерекшеліктері айқындалған, сондай-ақ ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың көркемдік дәстүрлерін зерделеу мәселесі қойылған.

Кілтімі сөздер: ықпал, көркемдік-эстетикалық ізденістер, Абай шығармашылығы, қазақ халқының поэзиясы, поэтикалық ерекшеліктер, ұлы ақын, қазақ әдебиеті, әдеби шығармашылық.

Қай халықтың әдебиеті де — өз ішінде үздіксіз жүріп жататын іздену процестері нәтижесінде ұдайы өзгеру, жетілу, толығу, даму үстінде болатын тарихи көркемдік-шығармашылық құбылыс.

Әдеби ізденістер нәтижесінің көркемдік сапасы түрлі кезендерде түрлі деңгейде болуы да — заңдылық. Өйткені белгілі бір кезеңдегі көркемдік ізденістер нәтижесінің деңгейі өз алдындағы кезең әдебиетінде қол жеткен шығармашылық жаңалықтарға, көркемдік деңгейге тікелей байланысты. Бұл тұста әдеби шығармашылық ізденістердің бағыт-бағдарын айқындауда тарихи, қоғамдық-саяси, әлеуметтік факторлардың ықпалын да, сонымен қатар барлық тірлік-қарекетінде ел мұратына қызмет етуді мақсат еткен шығармашылық тұлғаның жеке әсерін де ескермеске болмайды.

Шығармашылық тұлғаның жеке әсері дегенде, өзінің көркемдік болмысында ұлттық дәстүр мен еуропалық үлгіні шығармашылықпен тығыз ұштастыра алған жаңа тұрпатты қазақ жазба поэзиясының туып, қалыптасып және жаңа көркемдік арналар іздей өрістеуіне жол ашқан Абайдың ұлы еңбегін еске түсірсек те болар. Шындығында, ұлт мәдениетінің рухани өрісін кеңейтуге, туған халқының таным көкжиегін ұлғайтуға қызмет қылуы перзенттік парызы санаған ұлы тұлғаның жаңа мәдени өрістер іздеп дүниенің төрт қиырына бірдей көз салғаны белгілі. Ұлы ақынның осы мақсаттағы әрекеттерінің құнарлы арнасы болып табылатын «...Европа мәдениеті мен әдебиетіне қарым-қатынасы оның орыс әдебиетімен байланысының бір қыры, бір бөлімі. Орыс тілі, орыс әдебиеті, орыс классиктері арқылы дүние жүзі мәдениетінің үлгілерімен танысқан Абай өз елінің талабына сәйкес Европа елдерінің мәдени-әдеби құбылыстарын халқының рухани қажетіне жарата білді» [1].

Абайдың шығармашылық өнегесі ақынның ізін қуған Шәкәрім, Ақылбай, Мағауиялардан бастап, қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелерде Абайдың көзқарасын ұлықтаған, соған сәйкес шығармашылық өнерде де Абайдың көркемдік-идеялық мақсаттарына бағдар ұстанған А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров сияқты кейінгі буын өкілдерінде заңды жалғастық тапқаны мәлім. «Бұл ретте қазақ әдебиетінің өркендеуіне Абай Құнанбаевтың 1909 жылы Петербургте шыққан өлеңдер жинағының аса зор маңызы болғанын атап айту өте қажет. Ұлы ақынның тірі шағында қолжазба күйінде я болмаса тек ауызша тарап жүрген шығармалары енді қазақ даласының түкпір-түкпіріне жетіп, бір жағынан, қалың бұқараның игілігіне айналса, екіншіден, көптеген қазақ ақындарының творчествосына тікелей әсерін тигізеді, қазақ әдебиеті тілінің қалыптасуына даңғыл жол ашады. Осы қарсаңда әдебиет майданына шыққан жас ақын-жазушылар Абай шығармаларын, кеменгер ақынның қазақ әдебиетіне әкелген жаңалықтарын өздеріне қол жетпес үлгі, күдіретті құрал деп танып, оның асқан шеберлігінен үйренеді, озат идеясынан сарқылмас нәр алады» [2], — деп жазған әдебиетші-ғалым Ы.Дүйсенбаев пікірінен өткен ғасыр басындағы әдебиет дамуында Абай дәстүрінің қаншалықты маңыз иеленгенін айқын байқаймыз.

Ұлттық әдебиетіміздің жаңа бағытта дамуына Абай шығармашылығының айрықша ықпал еткені қаншалықты даусыз ақиқат болса, көркемдік дүниесінде Абай жаңашылдығының пайда болуында ұлттық мәдени дәстүрлермен қатар еуропалық үлгідегі сыртқы мәдениеттердің, әсіресе орыс мәдениетінің әсері маңызды роль атқарғаны да шүбәсіз шындық. Демек, қандай да бір ұлт әдебиетінің дамуы өз ішіндегі ұлттық озық дәстүрлер аясындағы әдеби-көркемдік ізденістермен ғана шешілмейді, өзге елдер мәдениетінде қалыптасқан көркемдік үлгілерді шығармашылықпен игеру, жетілдіре пайдалану бағытындағы жаңашыл ізденістер арқылы да жүзеге асады. Мәселеге осы

тұрғыдан келген орайда Ә.Жиреншиннің: «Біз Абайдың орыс классиктерінен әсер алуын, үйренуін, ғибрат етуін, идеялық, көркемдік бояуларын тек бір ғана сыртқы ұқсастықтан, түр үндестігінен іздемей, терең идеядан, рухани мұрагерліктен, мазмұн үндестігінен іздеуіміз керек. Дарынды ақын — өрісті ойшыл дәл сондай етіп жазайыншы демейді, ол жалаң еліктеу, эпигондық болар еді. Онан гөрі озат орыс әдебиеті мазмұнын өз бойына байымдап сіңіргендіктен, оның идеясына мейлінше қаныққандықтан, рухтанғандықтан жазады. Ұлы классиктердің мұрасы ақыл ой тамырларына тарап, идеясына идеясы үндескеннен, ой дүниесінің тұғырына қиял құсы дәл қонғандықтан жазады» [3], — деген ойының дұрыстығына ден қою орынды.

Бұл тұрғыда Абай дәстүрін жалғастырушы ақын-жазушылардың қай-қайсы да өз орайында ұлттық әдебиетіміздің дамуына қал-қадірінше үлес қосқаны және шындық. Десек те, бұл қатарда ұстазы Абайдың жолын ұстана отырып, өз кезегінде ұлттық әдебиетіміздің дамуына өзіне ғана тән ақындық қуатымен, көркемдік бағдар-бағытымен, толассыз ізденістерімен, шығармашылық жаңашылдығымен әсер ете алған бірегей тұлғалардың бірі Мағжан Жұмабаев болғаны анық.

Бұл орайда: «Мағжан Жұмабаевтың қазақ әдебиеті тарихында оқшау тұратын ақындығы хақында ой тербеткенде байқайтынымыз: ол бұрынғы әдеби сарыжұрт дәстүрлерді сағалай беруден сақтанды. Өзі басып өткен ізді де қайтып шиырламауға тырысты. Үнемі жатпай-тұрмай ізденген ақын жеке басына түскен зіл батпан ауыртпалықтарға қарамастан, поэзиямызға жаңа өріс ашып, тынысын кеңейту үшін барын салды. Әлбетте, замана қарқынына ілесудің жөні сол екен деп, жылт еткен жаңалықтың бәріне талғаусыз жармаса берген жоқ. Өзен бетіне шыққан көбік, шөп-шаламды терең ағыспен шатастырып алмауға тырысты. Атап айтсақ, саясат айқайына айқай қосып, ел ішін таптық қан-жоса қырғынға шақырып, тамағы қарлыққанша өзеуреп ұрандайтын үгіт өлең дейтінге сырт берді. Есесіне әлем әдебиеті жаңалықтарына көз тікті», — деп, Мағжан ақынның шығармашылық ізденістеріндегі ерекшеліктерді айқындай көрсететін мағжантанушы Ш.Елеукуеновтің салиқалы пікіріне ден қойған абзал.

Олай болса, алаш ақынының өзіне дейінгі әдеби дәстүрлерді де, шығармашылық өсу кезеңдерінде өзі қол жеткізген биіктерді де місе тұтпай, өзімен замандас өзге қаламгерлерден бөліне-жарыла «поэзиямызға жаңа өріс ашып, тынысын кеңейту үшін» «әлем әдебиеті жаңалықтарына» (Ш.Елеукуенов) айрықша ықылас танытуының сыры неде?

Мағжанның бұл әрекетінің түп бастауы да ұлы Абай өнегесінде жатыр. Мағжан ақынның көздегені де — «Максұтым — тіл ұстартып, өнер шашпақ, наданның көңілін қойып, көзін ашпақ — деп, жырлаған ұлы ұстазы сияқты, әдебиет өнерінің қадір-қасиетін арттыру, әдебиеттің адам өміріндегі, әлеумет тірлігіндегі маңызын таныту, әдебиеттің құдірет-күші көркем бейнелілікте жатқандығын көрсету болды. Ақынның көркем әдебиетке деген көзқарасының осы сипатта болғандығын оның «Бернияз Күлеев» аталатын мақаласында жазған: «Тегінде, әдебиет көктен түсетін пайғамбарлық емес. Әдебиет — елдің жанында жүре бастаған толқындардың жарыққа шыққан жаңғырығы» [4], — деген ойынан да аңғарамыз.

М.Жұмабаевты ақын ретінде де, азамат ретінде де ерекше алаңдатқан жағдай «елдің жанында жүре бастаған толқындардың» қандай үлгіде жаңғырығатыны болса керек. Өйткені «ел жанында жүре бастаған толқын» — «Көркем әдебиеттің даму тарихы тек қана өнердің объективтік негізі есебінде әлеуметтік-экономикалық фактордың дамуымен ғана байланысты емес, ол сондай-ақ жалпы өмірдің, табиғаттың, адам тұрмысының түрлі салалары жайындағы, адамның өз табиғаты, оны қоршаған орта, жалпы тарих турасындағы көзқарас пен түсініктің дамуына да байланысты» [5].

Әдебиет дамуының осынау ерекшелігін ақындық сезімтал болмысымен сезіне білгендіктен, бұл ретте ұлттық көркемдік дәстүр аясында шектелу де, жалаулатқан ұран-үгіттердің ырқында кету де ел әдебиетінің көсегесін көгертіпесін айқын түсінгендіктен, Мағжан ақын ұлттық поэзияның қанат жая өркендеуіне мүмкіндік беретін өрісті кеңістік іздеді. Сол мақсатпен Шығысқа көз салды, түркі дүниесін барлады, туған әдебиетінде өзіне дейін қалыптасқан көркемдік дәстүрлерге де дендей бойлады, орыс әдебиетіне, орыс әдебиеті арқылы еуропалық әдебиетке үнілді. Осылардың қай-қайсынан да құр қайтпады. Олжасын оңашаға сүйремей, ортаға салуға ұмтылды. Діттегені туған елінің көркемдік қазынасын арттыруға қызмет жасау, қолына қалам ұстағандарға жаңа өріс ашу, жаңа бағдар көрсету болды.

Осы тұста жалпы әдебиетке байланысты айтылған: «Ұлттық әдебиеттің өзге халықтар әдебиетімен шығармашылық байланыстары белгілі бір қоғамдық құрылыс тұсындағы саяси-идеологиялық доктринадан немесе белгілі бір ұрандарға байланысты туындайтын уақытша, өткінші құбылыс емес. Ол — ұлттық сөз өнерін дүниежүзілік көркемдік даму арнасында ілгері бастыра беру

мүддесіне қызмет ететін табиғи қажеттілік» [6], — деген пікірден өрістете ой түйсек, М.Жұмабаевтың өзге елдер әдебиетіндегі көркемдік үлгілерге шығармашылық тұрғыдан назар аударып, олардың кейбірін туған елінің әдебиетіне жеткізуге ұмтылуы қандай да бір жеке мүдденен яки қоғамдық-саяси тапсырыстан туып жатқан есепшіл тірлік емес, туған әдебиетін әлемдік әдебиеттің даму бағытына бағдарлау, қаламдас қауымды әлемдік шығармашылық дүниесінде қалыптасқан, жүріп жатқан көркемдік жаңалықтарға жақындастыру болғаны хақ. Мұндай әрекет туған елінің рухани өрлеу жолын тек қана ұлттық мәдениетпен сабақтастыра танумен тұйықталмай, бүкіл дүниелік мәдениет дамуымен тығыз байланыста көре алатын қабілетке ие бірегей тұлғалардан ғана туарына ден қойсақ, бұл тұрғыда ұлтымыздың көркемдік даму жолында М.Жұмабаевтың шығармашылық бейнесі көсем болмысымен даралана көрінеді.

Алаш ақынының еуропалық әдебиеттегі романтизм, символизм, реализм сияқты түрліше көркемдік арналарға көз тігіп, қазақ поэзиясына жаңашыл үлгілер әкелуінің бір себебін осы бағытта пайымдаған жөн болмақ. Бұл орайда Ш.Елеуеновтің М.Жұмабаев пен М.Әуезовтің жаңашылдығы төңірегінде ой өрістету барысында: «Сонда Мағжанның еуропалығы дегеніміз не? Мұхтардың еуропалығы дегеніміз не? Біздіңше, бұл — осы ұлт қаламгерлері ой-парасатының, поэтикалық шеберлігінің жаһандық биікке көтерілгендігін мойындағандық. Олардың ұлт мәдениеті мен әдебиеті шеңберінен шығып, басқа озық халықтардың табыстарын ұлт игілігі еткен шығармаларды жиырмасыншы жылдардың басында-ақ туғыза алғандығына тамаша айғақ. Мағжан Жұмабаев поэзиясы француз, орыс символизмімен табиғи жұптасты « [7], — деген бағасының әділеттілігіне ден қойған ләзім.

Қаламгерлердің қай-қайсы да туған ел әдебиетіне әлемдік әдебиеттегі жаңа үлгілерді сіңірудің бір жолы көркем туындыларды қазақ тіліне аударып жеткізу деп түсінген. Демек, М.Жұмабаевтың аударма ісімен айналысу барысында негізгі көздегені қандай да бір қоғамдық-саяси, идеологиялық мақсаттарға қызмет қылу емес, өзге елдер әдебиетіндегі көркемдік-шығармашылық жаңалықтарды өз жұртына жеткізу, сол арқылы әдебиетте жаңашыл ізденістерге жол ашу болғанына шүбәланудың өзі орайсыз. Өйткені Мағжан аударған туындылардың қай-қайсынан да ешқандай саяси-идеологиялық мүдденің болмашы нышаны да байқалмайды. Бұл жағдайдың өзі М.Жұмабаевтың аударма ісінде туындының тек қана көркемдік қасиеттеріне баса назар аударғанын танытады.

Осы орайда И.Конрадтың әдебиеттер сабақтастығында аударманың алар маңызына байланысты айтқан: «Главным орудием проникновения одной литературы в другую является, конечно, перевод. Но переводчик далеко не только «посредник». Воссоздание на своем языке литературного произведения, написанного на другом языке, всегда есть акт творчества. Появление перевода представляет в той или иной степени обогащение собственной литературы. Литературное произведение возникает в орбите своего языка, неотрывно от него; уже само появление произведений другой литературы на языке данной страны вводит их в орбиту литературы этой страны» [8], — деген пікіріне көңіл қойсақ, көркем шығарма аудармасының пайда болуының өзі әдебиеттің белгілі бір дәрежеде баюына қосылған үлес болып табылады екен. Бұл жағынан алғанда М.Жұмабаевтың аудармаларын ұлттық әдебиетімізге ұлан асу биіктерден жеткен көркемдік қазына деп бағалауға болады.

Ұлттық әдебиет дамуындағы аударма мүмкіндігінің молдығына ден қойған Мағжанның аударма ісіндегі ұстанымын аңғартатын деректі белгілі ғалым Б.Кенжебаевтан кезіктіреміз. Ол өз естелігінде Мағжанның Горькийден аударма жасап жүрген кезінде аудармаға байланысты айтқан: «Басқа тілден шығарма аудару — ол шығарманы өзінікі етіп алу деген сөз, өзінікі болған соң, ол өгей бала емес, туған бала болуға тиіс. Яғни өгей бала екені мүлде білінбеске керек. Ол үшін шығарманың тұрқы, тұлғасы аударылмай, мағынасы, рухы аударылуы қажет» [9], — деген пікірін келтіреді. Демек, М.Жұмабаев аударма ісінде бірінші кезекте шығарманың көркемдік мазмұнының маңызды болуын құнттаған. Мағжанның аударма ісіне байланысты бұл ұстанымы қазақ әдебиетінің өзіне дейінгі кезеңінде еуропа және орыс әдебиеттерінен көркем шығармалар аударған Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, С.Көбеев, Б.Өтетілеуовтердің көзқарастарымен үндестік танытады.

М.Жұмабаевтың өз алдындағы ізашар аудармашылардан айырмашылығы аударма жасалатын шығарманы таңдаудағы ұстанымынан көрінеді. Жоғарыда аталған ақындар аударған шығармаларға назар аударсақ, Абайдың Гете, Пушкин, Лермонтовтан жасаған аудармаларынан басқасы, негізінен, көркемдік мазмұны жағынан демократтық көзқарастағы ағартушылық идеяларға бағдар ұстанған шығармалар болып келетінін байқаймыз. Бұл жағдайдың өзі аталған аудармашылардың дені аударма жасау барысында бірінші кезекте шығарма идеясына ықылас танытқанын аңғартады. Оның себебі

аударма жасаушы ақындардың аударма ісіне әдеби шығармашылық тұрғыдан емес, қоғамдық-әлеуметтік көзқарастары тұрғысынан келуіне байланысты. Өйткені олардың барлығы дерлік қоғамдық-әлеуметтік өмірде ағартушылық қызметпен айналысқандығы белгілі. Соған сәйкес олардың аударма жасау үшін шығарма таңдауда бірінші кезекте шығарманың идеялық маңызына мән беруі заңды құбылыс болатын.

Бұл ретте Абайдың аудармашылық тәжірибесі екі бағытта өрістегені байқалады. Оның біріншісі — қоғамдық-әлеуметтік көзқарасымен сәйкесетін шығармаларды аударуы болса, екіншісі — өзінің ақындық болмысымен, көркемдік-эстетикалық талғамымен үндестік тапқан туындыларды аударуы. Абай аудармаларының бірінші арнасын орыс мысалшысы И.А.Крыловтан жасаған аудармалары құраса, ақынның шығармашылық ұстанымына сәйкес дүниеге келген аудармалар қатары А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Бунин, А.Мицкевич, А.А.Дельвиг, В.А.Крылов, А.Полонский туындыларынан тұрады. Аударма мәселесіндегі М.Жұмабаевтың көзқарасы да Абайдың осы ұстанымымен, яғни дүниетанымы, шығармаларындағы көркемдік әлемі өзінің талғам-танымымен үндесетін ақындардың ғана туындыларын талғап аударма жасағанды дұрыс санайтын талғампаздығымен бағдарлас. Бұл үндестіктің сыры екі ақынның да аударма мәселесіндегі мақсаттарының ортақтығында, яғни аударма жасау мәселесіне шығармашылық тұрғыдан келуінде жатыр.

Абай орыс поэзиясынан Пушкин, Лермонтов, Бунин, Дельвиг т.с.с. орыс ақындарының шығармаларын аударған. Ал Абайдың неліктен осы ақындардан аудармалар жасауға ынта танытқанын дұрыс бағамдау үшін аударылған шығармалардың көркемдік мазмұнына назар аударған жөн.

Абай әдебиет тарихында айрықша қолтаңбаларын қалдырған әйгілі Пушкин, Лермонтовтармен қатар, танымалдық тұрғысынан қарағанда олармен шендесе алмайтын ақындардың өлеңдерін де қазақ тілінде сөйлетеді. Өйткені ақын Абайды қызықтыратыны — олардың танымалдық дәрежесі емес, шығармаларындағы көркемдік қасиеттер. Нақтылай айтқанда, Абайды қызықтыратыны — өзге тілдегі өлеңнен алған өз әсері, сол әсердің тууына ықпал еткен өлеңдегі рух, ой-сезімдердің, толғаныс-толқындардың бейнелену даралығы, автор мен өзінің жан-дүниесіндегі рухани үндестік.

Мәселен, Абай XIX ғасырдағы орыс әдебиетінде негізінен драмалық шығармалары арқылы белгілі болған В.А.Крылов (1838–1906) деген қаламгердің «Разбитое сердце» деген өлеңін аударды. Аталған өлең ресей қауымына А.Рубинштейннің музыкасы арқылы «Я видел березу — сломилась она» деген атпен романс ретінде танылған туынды болатын. Бұл шығарма қазақ ақынының қолына автордың 1898 жылы Санкт-Петербургте басылған «Стихотворения» жинағы арқылы тиген болуы керек. Өйткені аталған автордың Абай дәуірінде 9 томдық драмалық, 2 томдық прозалық шығармалары шықса да, поэзиялық туындылары жоғарыда аталған жинақта ғана жарық көрген.

Адам өмірінің мән-мағынасы жайындағы мұңлы ойлармен астасып келетін жалпы көркемдік мазмұны, табиғат суреттері мен лирикалық кейіпкердің әсер-сезімдерін қатарластыра өрбітіп отыратын сюжеттік түзілімі, суреткерлік қолтаңбасы жағынан «Тоты құс түсті көбелек» іспетті өз өлеңдерімен әуездес бұл шығарманы Абайдың аударуға ниет етуінің себебі де өлеңнен өзінің ақындық жаратылысына, талғам-танымына, ой-сезіміне етене қасиеттерді аңғарып, автормен дүниетаным, өмірге көзқарас, сезім күйлері тұрғысынан іштей үндестік табуында жатыр.

В.А.Крыловтың аталған өлеңі төрт шумақтан тұрса, Абайдың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын...» деп басталатын аудармасы бес шумақты құрайды. Оның себебі Абай орыс ақынының өлеңін толық аударып келеді де, өлең түйініне өз жанынан бір шумақ қосып аяқтайды және бұл үстеме шумақ өлеңнің жалпы сюжеттік түзіліміне жымдаса кірігіп, түпнұсқадағы көркемдік мазмұнды да, идеяны да тереңдете түседі.

Бұл жайттың өзі Абайдың аударуды мақсат еткен шығармасын сөз қуалай аударып шықпай, бірінші кезекте түпнұсқа туындының көркемдік қасиеттерін толықтай зерделеп, рухын санаға сіңіріп, автордың бейнелеу тәсілдерін шығармашылық ой сүзгісінен өткізіп барып, өлең аудармасын жан дүниесінен жарылып шыққан төл туындысындай жаңадан жарыққа әкелетінін аңғартады. Басқаша айтқанда, Абай аударма процесінде толыққанды жаңа авторға айналып, жаңа дүние туындатады. Ең бастысы — Абай аудармаларында түпнұсқаның көркемдік сипаттарына да ешқандай нұқсан келмейді және аударма мәтін төл туындыдай қабылданады. Бұл — аударма ісінде өте сирек ұшырасатын шығармашылық құбылыс.

Мысалға жүгінелік:

В.А.Крылов өлеңінің бірінші шумағы:

*Я видел березу — сломилась она,
Верхушкой к земле преклонилась она;
Но листья не блекли на тонких ветвях,
Покамест не спряталось солнце в горах, —*

деп, табиғат көріністерін бейнелей суреттеуден басталып, келесі шумақтарда да осындай үлгідегі суреттеулер жалғаса келіп, өлең түйіні:

*Ах, мне изменила подружка моя,
И солнце померкло давно для меня;
Но смерть и покой я напрасно зову —
И с сердцем разбитым живу да живу, —*

деп, лирикалық кейіпкердің жан дүниесіндегі сезім күйлері мен оларды туғызған мұңлы сырға, солармен сабақтаса көрінетін ой түйініне ұласа аяқталса, Абай аудармасында бірінші шумақ:

*Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,
Бас ұрып қара жерге сұлағанын.
Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,
Байғұстың кім тыңдайды жылағанын? —*

деп беріледі.

Байқап тұрғанымыздай, түпнұсқада сурет қана берілсе, аудармада суреттеу соңы риторикалық сауалға ұласып, нәтижесінде өлең шумағында бейнеленген суреттің экспрессивтік-эмоционалдық әсерлілігі күшейе түскен.

Абай аудармасында түпнұсқадағы:

*Мен көрдім ғашық жардан уәдесіздік,
Өмірдің қызығынан күдер үздік,
Жылы жүрек суынды, жара түсті,
Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік, —*

деп аяқталуға тиісті түйінге төмендегідей шумақ үстеліп беріледі:

*Мен көрдім дүние деген иттің көтін,
Жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін,
Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,
Көбінің сырты бүтін, іші түтін.*

Абай түпнұсқаға өз жанынан шумақ үстеу арқылы өлеңнің көркемдік мазмұн аясын кеңейткен. Авторлық мәтіндегі мұңға жетектейтін қоңыр бояулы табиғат суреттері мен мұңлы ой-сезімдердің туу себебі алданған махаббатқа («Ах, мне изменила подружка моя...») байланысты болып, өлең түйіні лирикалық кейіпкердің жан жарасынан бастау алған өкінішті мұңға толы оймен («И с сердцем разбитым живу да живу») түйінделсе, Абай аудармасында шумақ үстелуі нәтижесінде түпнұсқадағы түйінді проблема болып танылатын махаббат тұрақсыздығының өзі адам жаратылысына тән көп қайшылықтың бір көрінісіндей бейнеленіп, автордың лирикалық сипаттағы ой түйіні өмірдің мәні, тіршіліктің сиқы, адамзат жаратылысындағы қайшылықтар жайындағы философиялық ойларға ұласады да, өлеңнің бүкіл көркемдік болмысы жаңаша мән иеленіп, проблемалық идея тереңдей түседі. Абай аудармашылығына тән болып келетін бұл жайттың өзі қазақ ақынының аударма ісіне қай кезде де шығармашылық тұрғыдан келгендігін танытады.

Аударма ісінде Абай негіздеген бұл ұстаным кейінгі қазақ ақындары тарапынан аударма ісінде кеңінен ұстанған дәстүрлі үлгілердің біріне айналды. Мәселен, Шәкәрім Құдайбердиев әйгілі Шығыс шайыры Хафиз жырларын қазақшалауға көңіл қойған сәтте де, орыс әдебиетінің классиктері А.С.Пушкин, Л.Н.Толстойлардың прозалық туындыларын өлең үлгісінде аударған кезде де яки америкалық Бичер Стоу Гарриет романын тәржімалаған тұста да аталған авторлардан өзінің шығармашылық мақсатымен, ойымен үндесетін шығармаларды таңдап тәржімалайды.

Сондай-ақ М.Жұмабаевқа ағалық, ұстаздық, қайраткерлік, шығармашылық өнегесі айрықша болған Ахмет Байтұрсыновтың Пушкин, Лермонтов, Жадовская, Вальтер, Надсон шығармаларын аудару барысындағы ұстанымы да Абай дәстүріне негізделген. Өз кезегінде Мағжан Жұмабаев та аудармашылық әрекетте Абай қалыптаған үрдісті үлгі тұта ұстанады. Бұл жағдай оның поэзиялық, прозалық аудармаларының қай-қайсына да етене сипат болып келеді. Бұл шығармалар ұлттық көркемдік қазынамызда лайықты орны бар шығармашылық игілік болып табылары даусыз ақиқат.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Сәтбаева Ш.* Уақыт шуағы. — Алматы: Ғылым, 2000. — 535-б.
- 2 *Дүйсенбаев Ы.* Кіріспе // XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалар жинағы / Жалпы ред. басқ. Ы.Т.Дүйсенбаев. — Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1963. — 12-б.
- 3 *Жиренишин Ә.* Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары. — Алматы: ҚМБ, 1959. — 101-б.
- 4 *Жұмабаев М.* Көп томдық шығармалар жинағы. — 3-т. — Алматы: Жазушы, 2003. — 219-б.
- 5 *Қараев М.* Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму жолдары. — Алматы: Мектеп, 1986. — 16-б.
- 6 *Қазақ әдебиетінің тарихы: Он томдық.* — 9-т. — Алматы: ҚазАқпарат, 2005. — 805-б.
- 7 *Елеуқенов Ш.* Әдебиет және ұлт тағдыры. — Алматы: Жалын, 1997. — 291-б.
- 8 *Конрад И.* Запад и Восток. — М.: Гл. ред. ВЛ, 1972. — С. 71.
- 9 *Кенжебаев Б.* Ұстаз // Лениншіл жас. — 1989. — 4 қаңт.

А.Б.Бейсентай

Традиционные приемы стихосложения Абая в творчестве Магжана

В статье рассматривается влияние художественно-эстетических исканий великого Абая на литературное творчество классика казахской литературы Магжана Жумабаева, устанавливается связь с творчеством Абая, который поднял на мировую вершину поэзию акынов казахского народа; изучены поэтические особенности поэзии Магжана. На примере творчества поэта автором выявлены новые художественные особенности литературного наследия Абая, а также намечены перспективы изучения художественных традиций великого поэта Магжана Жумабаева.

In article there are considered the questions of influence of great Kazakh poet Abaj on M.Zhumabaev's creativity which was influenced also by the European literature, and in particular a literary heritage of Russian people. The object of research chooses the original and not ordinary poet M.Zhumabaev which creativity is a bright indicator of the Kazakh culture and reflection of outlook of the people. Having chosen object of research M.Zhumabaev's literary inheritance, the author accurately shows interrelations of creativity of two poets in a problem of transfer, and also influence of traditions of Abaj.